

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы	«Бөбек лүпілі» жеке меншік балабақшасы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Топтың атауы	«Айшуақ»				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Кенжеғазы Мадина				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	10.10-14.10.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өткен тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске немесе көгөніске аллергиясы бар?"				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ұйымдастырылған	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды тамақ	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балабақшадағы	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балалардың	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларға

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	іс-әрекетіне қажетті оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктерін дамыту.	ішерде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктерін жетілдіру.	арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қоюға тәрбиелеу.	балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру.	белгіленген тәртіп бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгерту.
	"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны Мақсат-міндеттері. Балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап-сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балалардың ортасына "Сиқырлы қапшық" әкеледі. Қапшыққа жемістер мен көгөністер салынған. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын "сиқырлы қапшыққа" салып, кез келген затты	"Лото"" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс айтулары. Ойын шарты: көгөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. Үш үлкен карточкада: бақша, бау, гүлзар бейнеленген. Көлімдері 8×8см	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Аманбысың, алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер,	"Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; көркем сөз үлгілеріне, ересектің еңбегіне қызығушылықты арттыру. М. Әлімқұлов "Аспаз". Біздің гүл бақшада, Бар әсем асхана. Бар онда аспазшы, Ақкөңіл жақсы аға. Әлде, май құймақ па? Көже ме, сорпа ма? Әлде, бал қаймақ па, Тұрады ортада.	"Күз" мезгілі туралы әңгімелесу. "Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді көру. Педагогтің қойған сұрақтарына толық жауап беру. (сөйлеуді дамыту) "Тәулік бөліктері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауды, ажыратуды жаттықтыру. (математика негіздері, сөйлеуді

	таңдап алып, қолын "сиқырлы қапшықтан" шығармаған бойы сол заттың сын-сипатын айтады. Түрін, түсін, дәмін барлығын сипаттап айтып береді. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) "Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. (сөйлеуді	карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту) "Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	Қуаныш пен шаттық бер. (сөйлеуді дамыту) "Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Тәп-тәтті тамағы, Ағай – ас маманы. Пісіре білгенге, Астың жоқ маманы. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Бір сөзбен ата" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер мен жемістерді жалпылауды және оларды бір сөзбен атауды үйрету. (сөйлеуді дамыту)	дамыту)
--	---	---	--	---	-----------------------

	дамыту)		дамыту)		
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Қандай шырын?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жемістерді ажырату және атау қабілетін жетілдіру, сын есімдерді құруды үйрету, ауызша сөйлеуді, зейінді,	"Жапырақ қай ағаштан шыққан?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ағаштарды діндері мен жапырақтары бойынша ажырату қабілетін жетілдіру, зейінін,	"Күз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту; тақырып бойынша сөздік қорларын молайту. Барысы: үстелде	"Күзгі жапырақтар" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздікті "күз", "ағаштар" сөздерімен толықтыру; есімдерді дұрыс қолдануды үйрету.	"Қай көгөністі байқамай қалдық?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Тақырып бойынша сөздік қорын белсендіру, зейіні мен визуалды есте сақтауын дамыту.

	есте сақтауды дамыту. Барысы: балалар себеттен суреттерді кезекпен алады, суреттегі жемістерді атайды және осы жемістен алынған шырын қалай аталатынын айтады. Мысалы: "Бұл алма - алма шырыны". (сөйлеуді дамыту)	байқағыштығын, есте сақтауын, қиялын дамыту. Барысы: балалардың алдында жапырақтардың суреттері тұрады. Балалар әр жапырақтың қай ағаштан екенін табады және сол ағаштың үстіне(бетіне) жапсырып қояды. (сөйлеуді дамыту)	әртүрлі маусымдық құбылыстардың аралас суреттер (қар жауады, гүлденген шалғын, күзгі орман, құстар және тағы басқа) қойылған. Бала күзгі құбылыстарды ғана бейнелейтін суреттерді таңдайды және оларды атайды. Мысалы: күн бұлттың артына жасырынып жатыр, жаңбыр жауып тұр және тағы басқа. (сөйлеуді дамыту)	Барысы: баланың алдында үлкен карточкалар бар. Кішкентайлары жақын жерде жинақталған. Ол бір кішкентай карточканы алып, қай ағаштың қай жапырағында болғанын анықтайды: "Бұл үйеңкі жапырағы", ... , ... Содан кейін үлкен карточкадан сол жапырақты іздейді де, оған кішкене жапырақты қояды. (сөйлеуді дамыту)	Барысы: ересек бала қоянды көрсетіп, бүгінг оның туған күні екенін түсіндіреді. Қонақтар көптеген сыйлықтар әкелді. Ересек адам қоянның алдына көгөніс сыйлықтар қояды, оларды қатарға қояды. Бір көгөністі атамайды. Бала қай көгөніс жетпейді, соны атайды. (сөйлеуді дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Күз қандай?" Мақсат-міндеттері. Балаларда тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қиғаш	Дене шынықтыру "Айнала алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп	Музыка "Себеттегі жемістер". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай	Дене шынықтыру "Нанның құдіреті". Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге	Қазақ тілі "Не, қайда өседі?" Көгөністер мен жемістер. Түстер әлемі." Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін

	тақтайдың үстімен жүру дағдыларын жетілдіру; гимнастикалық шеңберлермен жалпы дамыту жаттығуларын жасауға ынталандыру; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. "Әдемі жүреміз" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Түзу сызықтың бойымен жүруді үйрету.	жүру іскерліктерін жетілдіру, тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру, қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдыларын бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау. "Орныңды тап" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп ойын ойнауды үйрету, жылдам жүгіру дағдысын дамыту.	отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру. Дидактикалық ойын: "Дәмінен таны". Мақсат-міндеттері. Жемістердің дәмін ажыратуды үйрету.	жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді жүруге үйрету және допты лақтыру, қағып алу дағдысын жетілдіру. "Чемпион" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға еңіс тақтайдың үстімен жүруді үйрету.	тыңдауды, көгөністер мен жемістердің атауларын есте сақтауды және оларды бір-бірінен ажырата білуді, көгөністер мен жемістерге тән түстерді атауға жаттықтыру. "Көгөністер мен жемістер" дидактикалық ойыны. "Көгөністер мен жемістер" сергіту сәті. "Қандай түсті?" дамытушылық ойыны.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Пошташының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)	Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	«Солып қалған гүлдерді бақылау» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)	Күзгі жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері.	Мысықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері.

Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; пошташының жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыру; ересектердің жұмысына қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу. Пошташы Күні бойы жол жүріп, Көрген емес болдырып. Қайтады үйге алғысты, Қапшығына толтырып. - Балалар, пошташы деген кім? - Иә, дұрыс айтасыңдар, балалар, пошташы хат таситын адам.	дамыту) Мақсат-міндеттері. Сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу; сыпырушының жұмысына қызығушылықты және құрметке тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (белгілі жерге қоқыс жинау). Мақсат-міндеттері. Қоқысты белгілі бір жерге жинау қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Құстар мен жаңбыр". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.	Мақсат-міндеттері. Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. Жазғы гүлдер мен күзгі гүлдердің ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы әңгімелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары. Мақсат-міндеттері. Қурап қалған гүлдердің тұқымдарын жинау. Балалармен жеке жұмыс. Тақпақ жаттау. Арасында гүлдің, Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, жасыл, сары,	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктер қалыптастыруды жалғастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құлаған жапырақтарды жинау) Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, еңбек етуге құштарлыққа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жоғары қарай секіру", "Шеңбер бойымен". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрену; жолдастыққа	Мысыққа тән ерекшеліктер туралы білімдерін кеңейту. Қадыр Мырза Әли "Мысық". Мысық отыр, Ұйқысы әбден қысып отыр, Май берейін, Шайнап отыр, Тышқан берейін, Ойнап отыр! Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (сүрлеу жолды сыпыру). Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Мысық пен тышқан". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлау іскерліктерін дамыту.
--	---	--	--	---

	- Ол дорбасындағы хаттарды әрбір үйдің есігіне немесе хат жәшігіне қалдырып кетеді. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды нақты жерге жинау). Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, істі жалпы күш-жігермен орындауға қол жеткізуді үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жапырақтың түсуі", "Мен атаған затқа жүгір". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Бір-біріне соқтығыспай жүгіруді үйрену; педагогтің белгісі	Ойын кезінде өзара әрекеттесу қабілеттерін дамыту; Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Кеңістікті және уақытты бағдарлауды жақсарту.	Әп-әдемі бәрі. Қимылды ойындар. «Абай бол!», «Қайда шылдырлайды?» (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ептілікке үйрету. Есту қабілеттерін дамыту. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Кеңістікті және уақытты бағдарлауды жақсарту.	тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Батыл балалар" ойыны. Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіру жаттығулары, ептілікті дамыту.	Өзіндік еркін ойын әрекеттері, алға қарай екі аяқпен секіру дағдыларын бекіту.
--	--	--	---	--	--

	бойынша тез жүгіруді үйрету; ағаштардың атауын бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Серуен кезінде эмоционалды көңіл күй қалыптастыру.				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Логикалық ойындар. Рөлдік еркін ойындар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: кеңістікті бағдарлауды үйрету.	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын	Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары".	"Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу.	"Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу.

		түсіндіру.			
--	--	------------	--	--	--

Тексерген: Бекишева М.А. 